

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының бюджеттік борыштары бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 31 наурыздағы N 439

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының көрсеткен байланыс қызметіне орай республиканың бюджеттік ұйымдарының пайда болған берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қосымшаға сәйкес республикалық бюджет пен республикалық бюджетке заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша телекоммуникациялар көрсеткен қызметі үшін берешегі бар бюджеттік ұйымдардың қаржыландыру есебіне берешегі бар "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының арасындағы жалпы сомасы 470479 мың (төрт жүз жетпіс миллион төрт жүз жетпіс тоғыз мың)

теңге берешекке бір жолғы есептеу жүргізісін.

2. Есептеу аталған сомаларды 1997 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетіле отырып жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 31 наурыздағы
N 439 қаулысына
қосымша

Есептеуге қабылданатын, "Қазақтелеком" ҰАК
берешегі бар республикалық бюджет қаражатының есебінен
қаржыландырылатын министрліктер мен ведомстволардың
тізбесі

мың теңге

Парламент		29972	
Қорғаныс министрлігі		158358	
Ұлттық қауіпсіздік комитеті		43732	
Мемлекеттік тергеу комитеті		33616	
Ішкі істер министрлігі		35083	
Ішкі әскерлер Қолбасшысының бас			
басқармасы		20276	
Президенттің Күзет қызметі		113909	
Сыртқы істер министрлігі		17640	
Экология және биоресурстар министрлігі			5493
Республикалық ұлан		900	
Әділет министрлігі		11500	
Барлығы		470479	